

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

2018 жыл мамыр

**Облыс әкімдігінің 2017 жылғы  
облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есебі**

Облыстың қаржы басқармасының басшысы Г.Р.Сүйінтаеваның және Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы С.Еңсегенұлының 2016 жылғы 12 желтоқсанда бекітілген және 2017 жылдың бюджеті атқару барысында нақтыланған «2017-2019 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың шешімі, нақтыланған көрсеткіштерден кірістер бойынша 100,9 пайызға, алынған ресми трансферттер бойынша 100 пайызға орындалды.

2017 жылғы облыстық бюджеттің шығыс бөлігі 100 пайызға игерілді, түзетумен жоспарланған 151 785 352,9 мың теңгеден 151 777 234,0 мың теңгеге игерілді.

Осыдан басқа, республикалық бюджеттен жалпы сомасы 54 154 091,5 мың теңге нысаналы трансферттер бөлінді, соның ішінде, білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және жайластыруға, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға, денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға, көліктік инфрақұрылымды дамытуға, инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге, жылу-энергетика жүйесін дамыту, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға бөлінді.

Республикалық бюджеттен жылу-сумен жабдықтау және суағарларды салуға және қайта жаңартуға, мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін кредиттер бөлінді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95- IV Бюджеттік кодексінің 130-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі

басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабының 1 тармағының 1) және 9-1) тармақшаларына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихат

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Облыс әкімдігінің 2017 жылғы облыстық бюджеттің кірістер бойынша 40 240 291,7 мың теңгеге, алынған ресми трансферттер бойынша 54 154 091,5 мың теңгеге, шығындар бойынша 151 777 234,0 мың теңгеге, бюджеттік кредиттер бойынша 19 578 351,0 мың теңгеге, активтерді сатып алу бойынша 429,3 мың теңгеге, қарыздарды өтеу бойынша 1 347 223,8 мың теңгеге, бюджеттің дефициті 18 045 240,2 мың теңгемен, бюджеттің дефицитін қаржыландыру 18 045 240,2 мың теңгемен нақты орындалуы туралы есебі бекітілсін.

2. Ақтөбе облысының Тексеру комиссиясының 2017 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары туралы есебі назарға алынсын.

3. Облыс әкімдігіне:

- бюджетке салықтық және басқа міндетті төлемдердің түсуін толық қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру;

- тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізумен, бюджет қаражатын, тиімді және мақсатты пайдаланылуына бақылауды күшейтсін;

- бюджеттік қаражаттарды басқарудағы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау жөніндегі жұмыстарды жандандыру;

- бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығындардың сапалы жоспарлануын және бюджеттік бағдарламалардың атқарылуын қамтамасыз етудегі жауапкершілігін арттыру шараларын қабылдау;

4. Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясына есеп беру кезеңінде бюджеттік қаражаттарды қамту көлемінің ұлғайтылуын көздейтін бақылау іс-шараларының тиімділігін арттыру ұсынылсын.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

---

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**С.ҚАЛДЫҒҰЛОВА**